«Бекітемін»
«Аманат» жеке балабақшасының меңгерушісі
_______________ А.А.Бергеналиева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**“Болашақ» мектепалды тобы**

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: "Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>Спорттық ойындар.<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар саптағы қимылдарды, музыкалық-ырғақтық және жалпы дамытушы жаттығуларды үйлесімді орындап, негізгі қозғалыс түрлері мен спорттық дағдыларды (жүзу, футбол, доппен жұмыс) меңгереді. Ұлттық және қимылды ойындарға белсенді қатыса отырып, дене сапаларын (күш, жылдамдық, төзімділік) жетілдіреді, салауатты өмір салты, гигиена және шынықтыру шараларын күнделікті өмірде саналы түрде ұстанады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Сөздік қор. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ана тілінің дыбыстарын анық айтып, сөздік қорын заттардың қасиеттері мен адамдардың іс-әрекетін білдіретін сөздермен байытады. Сөйлемдегі сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырып, диалог жүргізуде әдептілік сақтайды. Суреттер мен бақылаулар негізінде жүйелі сюжет құрап, бейнелі сөздерді қолдана отырып әңгіменің жалғасын немесе соңын шығармашылықпен ойлап таба алады. |
| | **Көркем әдебиет** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлері негізінде ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіреді; әдеби шығармалар мен фольклордың жанрларын ажыратып, кейіпкерлердің іс-әрекетін эмоциямен қабылдап, бағалай алады. Көркем бейнелерді құруда ән, би және театр элементтерін шығармашылықпен қолданады; көрнекі материалдарды өз бетінше таңдап, оны құрдастарымен талқылауға, кітапқа қызығушылық танытуға дағдыланады. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бала сөздердің мағыналық мәнін түсініп, оларға дыбыстық талдау (дыбыс ретін, дауысты-дауыссызды анықтау) жасай алады; қолдың ұсақ моторикасы жазуға дағдыланады. Коммуникативтік қабілеті арқылы ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас орнатып, өз пікірін білдіруге, диалог жүргізуге және әңгімелесушіні тыңдауға дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, |

| | | |
|---|---|---|
| | | туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө) анық айтып, сөздегі дыбыстардың орнын таба алады; сөздерді септеп, тәуелдеп қолдана отырып, өз ойын жайылма сөйлемдермен түсінікті жеткізеді. Туыстық қарым-қатынас, салт-дәстүр және туған өлке табиғаты туралы ауызекі сөйлеу дағдылары қалыптасады. Коммуникативтік қабілеті арқылы ересектермен және құрдастарымен еркін диалог жүргізеді, сұрақтарға нақты жауап беріп, әңгімелесушіні мұқият тыңдауды және әдептілік сақтауды меңгереді. |
| | **Математика негіздері** | Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>Шама.<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала жиындарды белгілері бойынша құрып, оларды салыстыру мен біріктіруді меңгереді; 10 көлемінде тура және кері санап, цифрларды таниды. Заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | шамасына (ұзындығы, биіктігі, ені) қарай өсу және кему ретімен орналастырып, геометриялық фигуралар мен денелерді (сопақша, цилиндр және т.б.) ажыратады. Кеңістікте бағыттарды (оң, сол, алға, артқа) және қағаз бетін еркін бағдарлайды; уақыт өлшемдерін (апта күндері, айлар, жыл мезгілдері) ретімен атап, циферблат бойынша уақытты анықтай біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>Жол қозғалысы ережелері.<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қоғамдық этика мен адамгершілік құндылықтарды ұстанып, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайды және үлкендер мен құрдастарына құрмет |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетеді. Отан тарихына, мемлекеттік рәміздерге және қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, экологиялық мәдениет пен табиғаттағы қауіпсіздік негіздерін меңгереді. Заттардың қасиеттерін, заманауи байланыс құралдары мен арнайы көліктердің қызметін түсінеді; мамандық иелерінің еңбегін бағалап, жол қозғалысы ережелерін (бағдаршам, жол белгілері) іс жүзінде сақтай біледі. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаға эстетикалық талғаммен қарайды; өзінің және құрдастарының жұмысын бағалап, ұжыммен бірлесіп әрекет етуді меңгереді. Ұлттық мәдениет құндылықтарын сезіне отырып, шығармашылық белсенділік танытады және түрлі іс-әрекеттер кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Құрылыс |

| | | |
|---|---|---|
| | | материалдары мен конструкторлардан берілген тақырыпқа немесе өз ойынан жүйелі сюжеттер құрастырып, оларды шынайы бейнелермен байланыстыра алады. |
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан таниды; ұлттық мәдениет құндылықтарына сүйене отырып, шығармашылық жұмыстарды ұжыммен орындауды және нәтижені бағалауды меңгереді. Заттар мен ертегі кейіпкерлерін өзіне тән ерекшеліктерімен бейнелеп, сюжетті суреттерде кеңістіктік қатынастар мен мағыналы байланыстарды жеткізе алады. Түрлі әрекеттер барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.<br>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармалары мен қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениет құндылықтарына қызығушылық танытады; өз жұмысы мен құрдастарының нәтижесін бағалай отырып, ұжымда жұмыс істеуді меңгереді. Сазбалшық және ермексаздан мүсіндеудің ерекшеліктерін біледі: пішіндері мен өлшемі әртүрлі заттарды, жануарлар мен адам бейнесін пропорцияларын сақтай отырып мүсіндей алады. Шығармашылық әрекет барысында қолдың ұсақ моторикасын жетілдіріп, құралдармен жұмыс істеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаға эстетикалық талғаммен қарайды; ұлттық мәдениет құндылықтарын тану арқылы патриоттық сезімі қалыптасады. Өз жұмысын және құрдастарының жетістіктерін бағалай отырып, ұжымда бірлесіп әрекет етеді. Қайшыны қолдану техникасын меңгереді: түрлі геометриялық пішіндерді (тікбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша) қиып алуды және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, шығармашылық жұмыстарды орындауды біледі. |
| | **Музыка** | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала музыкалық өнерге, оның ішінде классикалық, халықтық және заманауи шығармаларға қызығушылық танытады; музыканың көңіл-күйі мен мазмұны туралы өз пікірін білдіре алады. Ән айту кезінде даусы мен есту қабілетін үйлестіріп, вокалдық дағдыларын көрсетеді. Музыканың ырғағы мен сипатына сәйкес түрлі қимылдарды (марш, жүгіру) еркін орындайды; таныс би элементтерін қолдана отырып, шығармашылықпен би қимылдарын ойлап табады және әндерді сахналай біледі. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: “Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2024-2025 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>Спорттық ойындар.<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.<br>Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың физикалық қасиеттері (күш, жылдамдық, төзімділік) үйлесімді дамып, сапта жүрудің түрлі тәсілдерін, жалпы дамытушы және музыкалық-ырғақтық жаттығуларды еркін орындайды. Спорттық ойын элементтерін меңгереді, ұлттық және эстафеталық ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға белсенділік танытады. Салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, гигиена және шынықтыру шараларының маңызын түсініп, оларды күнделікті өмірде саналы түрде қолданады; дене бітімін дұрыс ұстау және қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдылары қалыптасады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөздік қор.<br>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ана тілінің дыбыстарын (б-п, г-ғ) анық айтып, сөздегі дыбыстың орнын таба алады; сөздік қоры тұрмыстық, сапалық және еңбекке қатысты сөздермен байып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | оларды грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырады. Қазақ халқының мәдениеті мен өз тәжірибесіне сүйене отырып, ересектермен және құрдастарымен еркін диалог жүргізеді, сұрақтарға нақты жауап беріп, әңгімелесушіні тыңдау мәдениетін ұстанады. Бақылаулар мен суреттер негізінде жүйелі сюжет құрап, бейнелі сөздерді қолдана отырып, әңгіменің жалғасы мен соңын шығармашылықпен ойлап таба алады. |
| | **Көркем әдебиет** | - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ халқының мәдениеті мен фольклоры негізінде ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіріп, әдеби шығармалардың жанрларын (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады және мазмұнындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді. Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалап, тілдің көркемдік ерекшеліктерін сезінеді және ән, би, театр элементтері арқылы көркем бейнелерді құруда шығармашылық дербестік танытады. Көрнекі |

| | | |
|---|---|---|
| | | материалдарды өз бетінше таңдап, оларды талқылауға қатысады және кітап оқуға, театр өнеріне тұрақты қызығушылық көрсетеді. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала сөздердің мағыналық мәнін түсініп, оларға дыбыстық талдау (дыбыс ретін, дауысты-дауыссызды анықтау) жасай алады; сөздерді буынға бөліп, олардың саны мен ретін анықтайды және ауызша сөздер құрастырады. Қолдың ұсақ моторикасы жазуға дағдыланады. Коммуникативтік қабілеті арқылы ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас орнатып, өз пікірін білдіруге, диалог жүргізуге және әңгімелесушіні тыңдауға дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ) анық айтып, сөздегі орнын таба алады; туыстық қарым-қатынас, ұлттық тұрмыс және туған өлкенің тарихи орындары |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы сөздік қоры байиды. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп және септеп қолдана отырып, өз ойын әртүрлі интонациялы жайылма сөйлемдермен түсінікті жеткізеді. Қарым-қатынас барысында ересектермен және құрдастарымен еркін диалог жүргізеді, сұрақтарға нақты жауап беріп, әңгімелесушіні мұқият тыңдау және әдептілік сақтау дағдыларын меңгереді. |
| | **Математика негіздері** | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.<br>«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>Шама. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың танымдық белсенділігі мен мектепке оқуға ынтасы артады; ол нысандарды талдап, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды және зерттеу әрекетінің алгоритмін жасауды меңгереді. 10 көлемінде тура және кері санауды, цифрларды тануды, жиындарды бөліктерге бөліп, салыстыруды біледі. Заттарды шамасына қарай реттеп, геометриялық фигуралар мен денелерді ажыратады; кеңістікті (оң, сол, қағаз беті) және уақыт өлшемдерін (апта күндері, айлар, сағат циферблаты) еркін бағдарлай алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>Жол қозғалысы ережелері.<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қоғамдық этика мен адамгершілік құндылықтарды ұстанып, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайды; үлкендерді сыйлап, кішіге қамқорлық көрсетеді. Отан тарихына, мемлекеттік рәміздерге және туған жеріне құрметпен қарап, ұлттық ойындарға қызығушылық танытады. Заттардың жасалған материалын, қасиеттерін өз бетінше анықтайды, заманауи байланыс құралдары мен арнайы көліктердің қызметін түсінеді. Мектепте оқуға деген ынтасы қалыптасады, мамандық иелерінің еңбегін бағалай біледі және жол қозғалысы ережелерін (жол белгілері, бағдаршам) іс жүзінде қатаң сақтайды. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаға эстетикалық талғаммен қарайды; ұлттық мәдениет құндылықтарын сезіне отырып, шығармашылық белсенділік танытады және түрлі іс-әрекеттер кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Өзінің және құрдастарының жұмысын бағалап, ұжыммен бірлесіп әрекет етуді меңгереді. Құрылыс материалдары мен конструкторлардан берілген тақырыпқа немесе өз ойынан жүйелі сюжеттер құрастырып, оларды шынайы бейнелермен байланыстыра алады. |
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармалары мен қоршаған әлемді эмоционалды және эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы патриоттық сезімін білдіреді; ұжымда жұмыс істеуді және жұмыс нәтижелерін бағалауды меңгереді. Қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай отырып, заттардың әртүрлі қалпын (тұрған, жатқан) бейнелей алады. Тірі табиғат нысандарын (өсімдіктер, жануарлар, құстар) бейнелеуде олардың қарапайым қимылдары мен пішіндерін жеткізе біледі және шығармашылық әрекет барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер туындылары мен қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениет құндылықтарына құрметпен қарайды; ұжымда бірлесіп жұмыс істеуді және нәтижені бағалауды біледі. Мүсіндеу барысында бақылаған заттың бейнесін әртүрлі қалыпта бере алады: адам мен жануарлардың қимыл-қозғалысын, дене мүшелерінің орналасуын және пропорцияларын (ұзын-қысқа, жуан-жіңішке) дұрыс сақтайды. Кескіш құралдарды пайдалану және мүсіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу дағдыларын меңгерген; жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтайды. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармалары мен қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімін танытады; ұжымда жұмыс істеуге және өз іс-әрекетін құрдастарының нәтижесімен салыстыра бағалауға дағдыланады. Қайшыны пайдаланудың техникалық тәсілдерін толық меңгереді: жолақтар мен шаршылардан түрлі геометриялық пішіндерді (тікбұрыш, үшбұрыш, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дөңгелек, сопақша) сапалы қиып алады. Шығармашылық жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтай отырып, алған дағдыларын композиция құрауда еркін қолданады. |
| | **Музыка** | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен<br>орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала музыка өнеріне, оның ішінде классикалық, халықтық және заманауи шығармаларға тұрақты қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады. Музыканың эмоционалды мазмұнын, сипаты мен динамикасын ажырата біледі, тыңдаған шығармасы туралы өз ойын еркін жеткізеді. Ән айту кезінде даусы мен есту қабілетін үйлестіріп, вокалдық дағдыларын көрсетеді. Музыканың ырғағына сәйкес қимылдарды (марш, жүгіру, секіру) орындайды, би элементтерін еркін меңгерген. Таныс қимылдарды қолдана отырып, шығармашылықпен би құрастырады және әндерді сахналай біледі. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: “Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2024-2025 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Негізгі қимылдар.<br>Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Спорттық ойындар.<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың денсаулығы нығайып, физикалық қасиеттері (күш, икемділік, тепе-теңдік) үйлесімді дамиды. Гимнастикалық скамейка мен арқан бойымен түрлі тәсілдермен (аяқтың ұшымен, қосалқы қадаммен) нық жүріп, тепе-теңдікті сенімді сақтайды. Жалпы дамытушы жаттығуларды, соның ішінде гимнастикалық қабырғадағы күрделі қимылдарды музыка әуенімен ырғақты орындайды. Баскетбол элементтерін (допты алып жүру, лақтыру) меңгеріп, спорттық және ұлттық ойындарды, эстафеталарды өз бетінше ұйымдастыруға белсенділік танытады. Жеке гигиена ережелерін (тіс тазалау, сумен шынығу) саналы түрде орындап, өз көңіл-күйін сипаттай алады; салауатты өмір салты дағдылары мен қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениеті қалыптасады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөздік қор<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған<br>сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ана тілінің дыбыстарын (б-п, г-ғ, к-қ) анық айтып, сөздегі дыбыстың орнын дәл ажыратады; сөздік қорында көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді орынды қолданады. Сөйлем құрауда сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс үйлестіріп, өз ойын жүйелі жеткізеді. Қарым-қатынас кезінде өзін мәдениетті ұстап, өздігінен диалог бастайды, сұрақтарға нақты жауап береді және әңгімелесушіні сабырмен тыңдайды. Көрнекі материалдар мен өз тәжірибесіне сүйеніп, сюжетті әңгімелер құрастырады; әңгіменің жалғасы мен соңын шығармашылықпен ойлап тауып, сөйлеу барысында бейнелі сөздер мен эпитеттерді еркін қолданады. |
| | **Көркем әдебиет** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз |

| | | |
|---|---|---|
| | | көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген әдеби шығармаларды эмоционалды түрде қабылдап, олардың мазмұны мен жанрлық ерекшеліктерін (ертегі, әңгіме, өлең) еркін ажыратады. Шығарма сюжетінің бірізділігін сақтай отырып, оқиғаны қисынды әрі көркем сөздермен (эпитет, сипаттама) қайталап айтып береді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, тіпті олардың жасырын себептерін түсініп, оларға өз көзқарасын білдіреді және кейіпкерлер бейнесін ән, би, театрландырылған әрекеттер арқылы шығармашылықпен жеткізе алады. Тәрбиешімен және құрдастарымен көрнекі материалдарды талқылау барысында өз тәжірибесіне сүйеніп, диалог жүргізу дағдыларын көрсетеді. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала сөздің буындық құрылымын меңгеріп, сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды және буындардан ауызша сөздер құрайды. Сөйлем туралы бастапқы түсінігі қалыптасып, сөйлемнің сөздерден тұратынын түсінеді; жай сөйлемдерді сөздерге бөліп, олардың санын анықтайды және берілген сөзге сөйлем |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрастыра алады. Қолдың ұсақ моторикасы жазуға дайындалып, коммуникативтік қабілеті арқылы ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас орнатады, өз пікірін білдіруге және әңгімелесушіні тыңдауға дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды накты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор<br>Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды (**ә, ө, қ, ү**) дұрыс айтып, олардың сөздегі орнын дәл анықтайды; артикуляциясы мен дикциясы жетіледі. Сөздік қоры аңшылық (қорықшы, орманшы) және мал шаруашылығына (жайлау, қыстау, сыбаға) қатысты атаулармен толығып, ұлттық тұрмыс пен туған өлкенің табиғаты туралы түсінігі кеңейеді. Грамматикалық тұрғыдан сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады және интонациясы бойынша әртүрлі (хабарлы, сұраулы, лепті) жайылма сөйлемдер құрайды. Қарым-қатынас барысында еркін диалог жүргізіп, өз ойын басқаларға түсінікті жеткізеді, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарға нақты жауап беру әдебін меңгереді. |
| | **Математика негіздері** | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен |

| | | |
|---|---|---|
| | | үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>Шама.<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Баланың танымдық белсенділігі мен мектепке оқуға ынтасы артады; ол нысандарды зерттеудің алгоритмін құрып, себеп-салдарлық байланыстарды талдау мен қорытынды жасауды меңгереді. Жиындарды белгілері бойынша құруды, оларды бөліктерге бөліп, қайта біріктіруді және өзара салыстыруды біледі. 10 көлемінде тура және кері санауды, цифрларды тануды, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруді игереді. 5-тен астам заттың өлшемдерін (ұзындығы, ені, жуандығы) анықтап, оларды ретімен орналастырады. Геометриялық фигуралар мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атайды. Кеңістікті (бағыттарды, қағаз бетін) және уақыт өлшемдерін (апта күндері, айлар, жыл мезгілдері, сағат циферблаты) еркін бағдарлай алады. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>Жол қозғалысы ережелері.<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>Жануарлар әлемі.<br>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.<br>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі |

| | | |
|---|---|---|
| | | (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br>Табиғатпен таныстыру<br>Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өзінің даму кезеңдерін (балабақша, мектеп, ересек өмір) сезіне отырып, білім алудың маңыздылығын түсінеді және мектепке оқуға деген ынтасы артады. Заттардың жасалған материалын, қасиеттерін талдап, заманауи байланыс құралдары мен арнайы көліктердің мақсатын, оларды қолданудағы қауіпсіздік ережелерін біледі.<br>Жануарлар әлемінде төрт түліктің пайдасын, жабайы аңдар мен құстардың тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттайды. Жануарларды түріне, мекендеу ортасына және қозғалу тәсіліне қарай топтастыра алады. Тірі және өлі табиғат арасындағы байланысты түсініп, бақылау мен зерттеу әрекеттері барысында нысандарды салыстыру, талдау және табиғатқа қамқорлықпен қарау экологиялық мәдениеті дамиды. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармалары мен қоршаған ортаны эмоционалды және эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениет құндылықтарына сүйене отырып патриоттық сезімін танытады; ұжымда жұмыс істеуді және өз іс-әрекетін құрдастарының нәтижесімен салыстыра бағалауды меңгереді. Шығармашылық қиялы дамып, қағаздан құрастыру әдістері арқылы жазық материалды (қағазды) көлемді пішіндерге айналдыра алады. Дайын үлгілер мен қарапайым сызбаларды түсініп, олармен жұмыс істейді; бейнені кескіні бойынша дәл қию үшін қайшыны қолдану дағдыларын еркін меңгерген. Барлық іс-әрекет барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаның сұлулығын эстетикалық тұрғыдан сезінеді; ұлттық мәдениет құндылықтарына негізделген жұмыстар арқылы патриоттық сезімі қалыптасады. Сурет салу барысында заттардың негізгі пішінін, бөлшектерінің пропорциясы мен орналасуын мәнерлеп жеткізе біледі. Түстерді және олардың реңктерін мақсатты түрде қолданып, өз қалауы бойынша үйлесімді таңдай алады. Ұжымдық жұмыстарда құрдастарымен ынтымақтаса әрекет етіп, өзінің және өзгелердің еңбек нәтижесін әділ бағалауды меңгереді, сондай-ақ шығармашылық процесс кезінде қауіпсіздік ережелерін толық сақтайды. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.<br>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер туындылары мен қоршаған әлемді эмоционалды әрі эстетикалық тұрғыдан қабылдап, ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы патриоттық сезімін танытады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұжымда жұмыс істеуді және жұмыс нәтижелерін бағалауды біледі. Мүсіндеу барысында бақылаған заттың бейнесін әртүрлі қалыптарда бере алады: адам мен жануарлардың қимыл-қозғалысын, дене мүшелерінің орналасуын және пропорцияларын (ұзын-қысқа, жуан-жіңішке) дәл сақтайды. Шығармашылық жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаның сұлулығын эстетикалық тұрғыдан сезінеді; ұлттық мәдениет құндылықтарына негізделген жұмыстар арқылы патриоттық сезімі қалыптасады. Қағазбен жұмыс істеудің күрделі техникаларын игереді: қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішінді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы заттарды дәл қиып алады. Шығармашылық қиялын қолдана отырып, таныс бейнелерді немесе өз ойынан жаңа образдарды жасауға дағдыланады және барлық әрекет кезінде қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |
| | **Музыка** | - музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, |

| | | |
|---|---|---|
| | | халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және<br>шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала музыка өнеріне, оның ішінде классикалық, халықтық және заманауи шығармаларға тұрақты қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады. Музыканың эмоционалды мазмұнын, сипаты мен динамикасын ажырата біледі, тыңдаған шығармасы туралы өз ойын еркін жеткізеді. Ән айту кезінде даусы мен есту қабілетін үйлестіріп, вокалдық дағдыларын көрсетеді. Музыканың ырғағына сәйкес қимылдарды (марш, жүгіру, секіру) орындайды, би элементтерін еркін меңгерген. Таныс қимылдарды қолдана отырып, шығармашылықпен би құрастырады және әндерді сахналай біледі. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: “Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Негізгі қимылдар.<br>Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>Спорттық ойындар.<br>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың денсаулығы нығайып, физикалық қасиеттері  үйлесімді дамиды. Гимнастикалық құралдар мен арқан бойымен түрлі тәсілдермен жүріп, тепе-теңдікті сенімді сақтайды. Жалпы дамытушы жаттығуларды, соның ішінде гимнастикалық қабырғадағы күрделі қимылдарды музыка әуенімен ырғақты орындайды. Қысқы спорт түрлерінің элементтерін меңгеріп, ұлттық ойындар мен эстафеталарға белсенді қатысады. Жеке гигиена ережелерін саналы түрде орындап, өз көңіл-күйін сипаттай алады; салауатты өмір салты дағдылары мен қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениеті қалыптасады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөздік қор<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған<br>сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ана тіліндегі ұқсас дыбыстарды **(б-п, г-ғ, к-қ)** анық айтады және сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) дәл ажыратады. Сөйлеу барысында көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді орынды қолданып, заттың белгілері мен әрекеттерін сипаттай біледі. Түбірлес сөздерді жасау, етістіктерді жалғаулармен қолдану және жайылма сөйлемдер құрау арқылы грамматикалық дағдыларын көрсетеді. Қарым-қатынас кезінде өзін мәдениетті ұстап, өздігінен диалог бастайды, сұрақтарға нақты жауап береді және әңгімелесушіні сабырмен тыңдайды. Көрнекі материалдар мен өз тәжірибесіне сүйеніп, бірізді сюжетті әңгімелер құрастырады; әңгіменің жалғасы мен соңын шығармашылықпен ойлап тауып, сөйлеуде бейнелі сөздерді, эпитеттер мен салыстыруларды еркін қолданады. |
| | **Көркем әдебиет** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген әдеби шығармаларды эмоционалды түрде қабылдап, олардың мазмұны мен сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, қисынды әрі бейнелі сөздермен қайталап айтып береді. Өз тәжірибесі мен қалауына сүйене отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен талқылау үшін көрнекі материалдарды тәуелсіз таңдай біледі. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне, соның ішінде олардың жасырын себептеріне өз көзқарасын білдіріп, оларды қалай қабылдағаны туралы еркін әңгімелейді. Өлеңдерді жатқа мәнерлеп айтып, көркем шығармаларды сахналау барысында кейіпкердің көңіл-күйін, мінезін, қимылы мен мимикасын интонация арқылы мәнерлі әрі дербес жеткізеді. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала сөздің буындық құрылымын меңгеріп, сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды және буындардан ауызша сөздер құрайды. Сөйлем туралы бастапқы түсінігі қалыптасып, сөйлемнің сөздерден тұратынын түсінеді; жай сөйлемдерді сөздерге |

| | | |
|---|---|---|
| | | бөліп, олардың санын анықтайды және берілген сөзге сөйлем құрастыра алады. Сауат ашудың алғышарттары арқылы қолдың ұсақ моторикасы жазуға дайындалып, коммуникативтік қабілеті арқылы ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас орнатады, өз пікірін білдіруге және әңгімелесушіні тыңдауға дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала қарым-қатынас барысында диалог жүргізу, әңгімелесушіні тыңдау және өз пікірін түсінікті жеткізу дағдыларын еркін қолданады. Қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды **(ә, ө, қ, ү, ұ)** дұрыс айтып, олардың сөздегі орнын дәл анықтайды; артикуляциясы мен таза дикциясы қалыптасады. Сөздік қоры өлең, санамақ, жаңылтпаш және жұмбақтармен толығып, шешендік пен айтыс өнерінің алғашқы элементтерін меңгереді. Грамматикалық тұрғыдан сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады және интонациясы бойынша әртүрлі жайылма сөйлемдер құрайды. Көркем шығармалар мен ертегілердің мазмұнын иллюстрациялар арқылы жүйелі баяндап, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен диалогын рөлдерге бөліп сомдау кезінде мәнерлі жеткізе алады. |
| | **Математика негіздері** | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>Шама.<br>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың танымдық қызығушылығы мен мектепке оқуға ынтасы артады; ол зерттеу әрекетінің алгоритмін жасауды, себеп-салдарлық байланыстарды талдауды және қорытынды шығаруды меңгереді. Жиындарды сапалық белгілері бойынша құруды, оларды бөліктерге бөліп, қайта біріктіруді және бүтін мен бөліктің өзара қатынасын (үлкен/кіші) салыстыруды біледі. 10 көлеміндегі сандарды салыстыра отырып, заттарды қосу немесе алып тастау арқылы теңдік пен теңсіздікті ажыратады. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және оларды бірнеше белгілері бойынша салыстыра алады. Кеңістіктегі бағыттарды (оң, сол, жоғары, төмен) еркін бағдарлайды және тәулік бөліктері мен оқиғалардың уақытша реттілігін («кеше», «бүгін», «ертең», «алдымен – содан кейін») дұрыс анықтайды. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен |

| | | |
|---|---|---|
| | | беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** коммуникативтік дағдылары дамиды, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, диалог жүргізеді және өз пікірін еркін жеткізеді, ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін ауызекі сөйлеуде қолданады, заттар мен жағдайларды нақты сипаттап, өз ойын түсінікті жеткізеді, жұмбақтар шешеді, шешендік және айтыс өнеріне қызығушылық танытады, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады, сөйлем түрлерін ажыратып, орынды қолданады, өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді, ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын жүйелі әңгімелейді, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі жеткізіп, рөлдерге бөліп сомдай алады. |
| | **Математика негіздері** | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>Шама.<br>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** математикалық және интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерін көрсетеді, жиындарды құрып, бөліктерге бөліп және қайта біріктіреді, |

| | | |
|---|---|---|
| | | бүтін мен бөлік арасындағы байланысты түсінеді, 10 көлеміндегі сандарды салыстырып, теңдік пен теңсіздікті анықтайды, заттарды түсі, пішіні, өлшемі, материалы мен қолданылуы бойынша салыстырады, шартты өлшем арқылы ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді, геометриялық фигураларды ажыратып, қоршаған ортадан оларға ұқсас заттарды табады, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлай алады, заттардың орнын дұрыс анықтап, қозғалыс бағыттарын ажыратады, тәулік бөліктерін, оқиғалардың ретін түсініп, уақытты бағдарлай біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.<br>Жол қозғалысы ережелері.<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже:** әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары қалыптасады, еңбек түрлеріне және мамандық иелеріне құрметпен қарайды, табиғатқа жанашырлық танытып, қоршаған ортаға қамқорлық жасайды, экологиялық мәдениет негіздерін меңгеріп, табиғатта қауіпсіз мінез-құлық сақтайды, өз болашағына, біліміне және |

| | | |
|---|---|---|
| | | жетістіктеріне сенімділік танытады, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді, заттардың қасиеттері мен қолданылуын ажыратып, олардың жасалған материалдарын анықтайды, көлік және байланыс құралдарының қолданылуын біледі және қауіпсіз пайдаланады, үлкендерді құрметтеп, кішіге қамқорлық көрсетеді, өз іс-әрекетін бағалап, әділдік пен адалдық танытады, тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды, жол қозғалысы ережелерін және қоғамдық орындардағы мінез-құлық қағидаларын сақтайды. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамын көрсетеді, өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, өз жұмысы мен құрдастарының еңбегін бағалайды, ұжыммен бірлесіп жұмыс істейді, табиғи және қалдық материалдардан құрастыру дағдыларын меңгереді, қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары мен киіз үй жабдықтарының ерекшеліктерін ажыратады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.<br>**Күтілетін нәтиже:** өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын көрсетеді, өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, өз жұмысы мен құрдастарының жұмыстарын бағалайды, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтар мен түрлі пішіндерді ырғақты орналастырып өрнек құрастырады, түстерді үйлестіріп, әртүрлі көлемдегі өрнектерді біріктіреді. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:** өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын танытады, өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, қауіпсіздік ережелерін сақтайды, мүсіндеудің құрылымдық және мүсіндік әдістерін қолданады, затқа қарап мүсін жасап, халық шеберлерінің бұйымдарына қызығушылық білдіреді. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Күтілетін нәтиже:** өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын көрсетеді, өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, өз жұмысы мен құрдастарының жұмыстарын бағалайды, сюжеттік композициялар құрастырып, оларды сәндік бөлшектермен толықтырады, жеке және топпен жұмыс жасау барысында міндеттерді келісіп орындайды. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен таныстыру.<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және<br>шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыкалық шығармалардың эмоционалды мазмұнын, сипатын, көңіл-күйі мен динамикалық ерекшеліктерін ажыратады, музыкаға өз көзқарасын білдіріп, мазмұнын сипаттай алады, әлемдік және қазақ музыка өнері үлгілерімен танысады, ән, күй, марш, би жанрларын ажыратады, тыныс алуды дұрыс сақтап, сөздерді анық айтады, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды, марш, жүгіру, отыру сияқты қозғалыстарды ырғақпен жасайды, музыкалық аспаптарда жеке және шағын топпен ойнайды, шығармашылық және дербестік қабілеттерін дамытады. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: "Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;<br>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;<br>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;<br>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып |

| | | |
|---|---|---|
| | | биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>балалардың денсаулығын сақтайды және физикалық дамуын үйлесімді қалыптастырады, спортқа қызығушылық танытып, салауатты өмір салты дағдыларын меңгереді, күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділік сияқты дене сапаларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | дамытады, қимыл әрекеттерін музыкамен үйлестіріп орындайды, дұрыс дене қалпын сақтайды және жалпақ табандылықтың алдын алу жаттығуларын орындайды, секірудің әртүрлі түрлерін меңгереді, жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындайды, спорт түрлерімен танысып, қауіпсіздік ережелерін сақтайдысалауатты өмір салты туралы қарапайым түсініктерді меңгереді, дұрыс тамақтану мен гигиенаның маңызын түсінеді, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіреді, сауықтыру және шынықтыру шараларын орындайды. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөздік қор<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасайды, әңгімелесушіні тыңдап, диалогке қатысады және өз пікірін білдіреді, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін ауызекі сөйлеуде қолданады, көрнекі материалдарды таңдап, интонацияны дұрыс қолданады, қазақ салт-дәстүрлерінің мәнін түсініп, бір-біріне көмектесу және қамқор болу дағдыларын меңгереді, сөйлем түрлерін ажыратып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дұрыс қолданады, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытады, негізгі ойды жүйелі жеткізеді, сурет, зат және құбылыстарды сипаттай алады, шығармашылық әңгіме құрастырып, сюжетті жалғастырады және бейнелі сөздерді қолданады. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>Күтілетін нәтиже: |
| | **Көркем әдебиет** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді, әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге және өз пікірін білдіруге үйренеді. Шешендік өнер мен сөз өнеріне баулынып, санамақ пен жаңылтпаштарды мүдірмей айтады, жұмбақтар шешіп, айтыс өнерінің алғашқы дағдыларын көрсетеді. Сауат ашудың алғышарттарын меңгеру арқылы баланың қолы жазуға дайындалады. |
| | **Қазақ тілі** | - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп).<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасап, әңгімелесушіні тыңдау, диалог жүргізу және өз пікірін түсінікті жеткізу дағдыларын көрсетеді. Қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен және қолөнер бұйымдарымен (кереге, уық, шаңырақ, сандық, т.б.) танысу арқылы ауызекі сөйлеу тілі мен сөздік қоры |

| | | |
|---|---|---|
| | | байиды. Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады және қазақ тіліне тән төл дыбыстарды **(ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң)** сөз ішінде дұрыс айтып, олардың орнын анықтай алады. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана отырып, өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді және интонациясы бойынша сөйлем түрлерін ажыратады. Өз тәжірибесіне сүйеніп, суреттер немесе заттар бойынша 5-6 сөйлемнен тұратын сипаттамалық әңгімелер құрастыруға, оқиғаның желісін ойдан шығаруға дағдыланады. |
| | **Математика негіздері** | - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;<br>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;<br>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;<br>- математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.<br>Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын |

| | | |
|---|---|---|
| | | анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Шама.<br>Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жиындарды түрлі белгілері бойынша құруды, оларды бөліктерге бөлуді және бүтін мен бөлік арасындағы қатынасты (жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші) түсінеді. Заттардың саны олардың көлеміне, пішініне немесе санау бағытына байланысты емес екенін біледі. Беттестіру және тұстастыру тәсілдерімен заттарды салыстырып, топ ішінен белгілері сәйкес келмейтін нысанды бөліп ала алады. еометриялық пішіндердің бір формасынан екіншісін жасауды, қағазды бөліктерге бөлуді және 8-10 бөліктен фигуралар құрастыруды меңгереді. Кеңістіктегі бағыттарды (оң, сол, жоғары, төмен, алға, артқа) еркін ажыратып, заттардың бір-біріне қатысты орнын сөйлеу барысында дұрыс көрсетеді. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні) белсенді қатысу.<br>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды.<br>Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ережелердің баршаға жайлылық пен қауіпсіздік үшін жасалатынын түсініп, олар сақталмаған жағдайдағы салдарды талдай біледі. Заттардың материалдарын өз бетінше анықтап, қасиеттерін сипаттайды. Арнайы көлік құралдарының қызметін түсінеді. Табиғат әлеміне жанашырлықпен қарап, қоршаған ортаға қатысты әрекеттерінің қарапайым салдарын болжай алады. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өнер түрлері туралы түсінігі қалыптасып, өзінің және құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай біледі. Қағаз цилиндрлерді пайдалана отырып, қазақ халқының ұлттық бас киімдері мен ыдыстарын құрастыра алады. Пішіндерге түрлі қалыптар беріп, оларды жіппен және ою-өрнектермен безендіріп, күрделі емес композицияларға біріктіруді меңгереді. Ұжыммен жұмыс істеуге дағдыланып, түрлі әрекеттер барысында қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау және қоршаған әлемді эстетикалық тұрғыдан тану қабілеттерін көрсетеді. Өнер түрлері туралы түсінігі қалыптасып, өзінің және құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға дағдыланады. Тік сызықтардың үйлесуінен құрылған ою-өрнек элементтерін салып, оларды өз бетінше ойдан құрастыруда шығармашылық дербестік танытады. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен |

| | | |
|---|---|---|
| | | орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтары (қазан, астау, торсық), тұрмыстық заттары (кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдары (білезік, шашбау) және туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштері туралы білімі қалыптасады.<br>Аталған заттарды өз қалауы бойынша мүсіндей алады. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолданып, бұйым бетіне бедерлер түсіреді. Дайын жұмыстарды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) көркемдеп безендіруді меңгереді. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен |

| | | |
|---|---|---|
| | | орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) және киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) танысады. Баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, шығармашылық қабілеттері дамиды. Түрлі іс-әрекеттер барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренеді. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау.<br>Би шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және<br>шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әлемдік және қазақ музыка өнерінің туындыларымен танысып, музыкалық жанрларды (ән, күй, марш, би) ажыратады. Шығармалардың жеке фрагменттері (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) бойынша әуендерді танып, музыкаға өз көзқарасын білдіре алады. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындау дағдыларын көрсетеді. Би қимылдарын, соның ішінде қосалқы және ауыспалы қадамдарды меңгеріп, оларды жеңіл әрі еркін орындайды. Шығармашылық тапсырмаларды орындауда белсенділік танытады. Аспапта ойнау барысында дербестік танытып, өзінің музыкалық шығармашылығын көрсетеді. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: "Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>Қимылды ойындар.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды<br>дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Допты жоғары лақтыру, қағып алу, заттардың арасымен домалату және 2–2,5 метр қашықтықтағы нысанаға құм қапшық пен асықты дәл лақтыру дағдыларын меңгереді. Дене жаттығуларын музыка әуенімен ырғақты және әсем орындайды, қимыл ырғағын сүйемелдеумен үйлестіреді. Аяққа арналған арнайы жаттығуларды (аяқ ұшымен көтерілу, отырып-тұру, ұсақ заттарды аяқ ұшымен жылжыту) еркін орындайды. Спорт түрлеріне қызығушылық танытып, спорт залында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Сөздік қор<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Артикуляциялық жаттығуларды орындай отырып, сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) дәл анықтайды және сөйлеуде дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен |

| | | |
|---|---|---|
| | | екпінді реттей отырып, интонациялық мәнерлілікті қолданады. Сөйлемдерді интонациясына қарай (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, оларды сөйлеу барысында орынды пайдаланады. Ойыншықтарды, сюжеттік суреттер мен табиғат құбылыстарын сипаттағанда сын есімдер мен үстеулерді орынды қолдана отырып, шағын хабарлау сипатындағы әңгімелер құрастырады. Бақылаулары мен суреттер негізінде сипаттау әңгімелерін құрастыру барысында бейнелі сөздерді, эпитеттер мен салыстыруларды қолдану арқылы сөйлеуін байытады. |
| | **Көркем әдебиет** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала түрлі әрекеттер барысында қазақ халқының мәдениетімен және салт-дәстүрлерімен танысу арқылы ауызекі сөйлеу тілін дамытады. Көркем бейнелерді сомдауда әндер мен билерді еркін қолдана отырып, шығармашылық дербестік танытады. Сахналық қойылымдарға белсенді қатысып, рөлдер мен сюжеттерді таңдауда бастамашылық көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;<br>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бала ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, диалогқа түседі және өз пікірін ашық білдіре алады.<br>Сауат ашудың алғышарттарын меңгере отырып, геометриялық фигуралар мен жеміс-жидектердің суреттерін шетінен шығармай бастырып, ұқыпты бояуды үйренеді.<br>Жұмыс барысында зейін қойып, ұсақ қол моторикасын дамыту арқылы графикалық тапсырмаларды өз бетінше орындауға дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын |

| | | |
|---|---|---|
| | | анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор<br>Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Артикуляциялық аппараты мен тыныс алуы дамып, таза дикциямен қазақ тіліне тән төл дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ) сөз ішінде дұрыс айтады және дыбыстың сөздегі орнын (басы, ортасы, соңы) дәл анықтайды. Баланың сөздік қоры егіншілік кәсібіне қатысты атаулармен (дән, тұқым, диірмен, орақ, кетпен, соқа және т.б.) толығады. Ол бұл сөздерді мағынасына қарай еркін қолдана алады.тСөздерді жіктеп, тәуелдеп және септеп қолдану дағдыларын меңгереді. Сөйлемдерді интонациясына қарай (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратады және өз ойын жүйелі, жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Түрлі әрекеттерде құрдастарымен еркін диалог құрады. Өз тәжірибесіне немесе суреттерге сүйеніп, заттар мен ойыншықтарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды. Сөйлеу барысында зат, сын, сан |

| | | |
|---|---|---|
| | | есімдерді дәл қолданып, берілген сюжеттің басын, жалғасын және соңын қиялмен толықтырып, логикалық әңгіме құрастырады. |
| | **Математика негіздері** | Жиын.<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>Сан және санау.<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Шама.<br>Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң |

| | | |
|---|---|---|
| | | жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жиынды бөліктерге бөлуді, оларды қайта біріктіруді және бүтін мен бөлік арасындағы байланысты (жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші) түсінеді. Заттардың саны оның көлеміне, пішініне, арақашықтығына немесе санау бағытына байланысты емес екенін саналы түрде ұғынады. Заттар тобынан бірнеше белгісі бойынша сәйкес келмейтін нысанды (артық затты) тауып, бөліп ала алады. Пішіндердің бір формасынан екіншісін (мысалы, шаршыдан үшбұрыш) жасау жолдарын біледі. Математикалық ұғымдарға қызығушылық танытып, тапсырмаларды орындау кезінде ұқыптылық, шыдамдылық және өзіне деген сенімділік қасиеттерін көрсетеді. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.<br>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>Жол қозғалысы ережелері.<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Туыстық байланыстарды (өз жұрты, нағашы жұрты) ажыратады, өз жеті атасын біледі. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасап, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету және сыпайы сөйлеу (алғыс айту) дағдыларын күнделікті өмірде қолданады.<br>Әртүрлі мамандық иелерінің, әсіресе нан өнімдерін өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін бағалайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге дағдыланып, бірлескен еңбек әрекетіне белсенді қатысады. Заттардың жасалған материалын анықтап, сапасын сипаттай алады. Арнайы көліктердің қызметін және байланыс құралдарын (смартфон, компьютер, ғаламтор) пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерін біледі. Көшеде және қоғамдық орындарда өзін қауіпсіз ұстауды (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бөтен көлікке отырмау) меңгерген. Туған өлкенің өсімдіктерін танып, «орман», «шалғын», «бақша» ұғымдарын ажыратады. Өсімдіктердің тірі ағза екенін (қоректенуі, өсуі, жарық пен |

| | | |
|---|---|---|
| | | жылуды сезуі) түсініп, оларға күтім жасау әдістерін (суару, қопсыту, шаңын сүрту) меңгереді. Адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екенін саналы түрде сезінеді. \ |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өнердің түрлері мен жанрлары туралы бастапқы түсініктері қалыптасқан, әлемді эстетикалық тұрғыдан таниды. Жеке ерекшеліктеріне қарай өзін-өзі көрсетуге талпынады және жаңа туындылар жасауға ынта білдіреді.Тапсырмаларды құрдастарымен бірлесе (ұжыммен) орындауды меңгерген. Өзінің және өзгелердің жұмыс нәтижелерін әділ бағалай біледі, сыйластық пен қолдау танытады.  Ұлттық мәдениет құндылықтарын бойына сіңіру арқылы Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімі қалыптасқан. Ұлттық дәстүрлер мен өнерге құрметпен қарайды. Түрлі іс-әрекеттер мен шығармашылық процестер барысында (құралдармен жұмыс істеу, материалдарды қолдану) қауіпсіздік ережелерін саналы түрде сақтайды. |
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Геометриялық пішіндегі заттарды сала біледі және бірнеше нысанның көлемі мен өлшеміндегі айырмашылықтарды суретте көрсете алады. Қылқаламды қолдану тәсілдерін еркін меңгереді. Жуан сызықтар үшін қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелер үшін тігінен ұстап пайдаланады. Суретті бояу барысында бірізділікті сақтап, белгілі бір бағытта (солдан оңға, жоғарыдан төмен немесе қиғаш) бояуды үйренеді.<br>Өз ойын шығармашылықпен жеткізуге талпынады және өнер түрлері туралы түсінігі кеңейеді. Өзінің және өзгелердің еңбегін бағалай біледі. Ұлттық мәдениет элементтерін суретте қолдану арқылы патриоттық сезімін білдіреді. Шығармашылық әрекет кезінде құралдармен (қалам, қылқалам, бояу) жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерін сақтайды және жұмыс орнын ұқыпты ұстайды. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан |

| | | |
|---|---|---|
| | | қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Мүсіндеу барысында пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін дәл жеткізеді және кейіпкерлердің өзіне тән майда бөлшектерін мұқият мүсіндейді. Өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан бағалайды. Өнер түрлері туралы түсінігі арқылы қоршаған әлемді тереңірек таниды. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композициялар құрастыру дағдыларын көрсетеді. Жұмысты аяқтау барысында қосымша заттар мен элементтерді қолданып, туындыны көркемдеп жеткізе біледі. Мүсіндеу барысында құралдармен (кескіш, т.б.) жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Композиция ережелері мен перспектива негіздеріне сәйкес бейнелерді парақ бетіне үйлесімді құрастырады. Шаблондармен, трафареттермен және дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын еркін меңгерген. Әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын және пропорцияларын (арасалмағын) дәл бере біледі. Әлеуметтік оқиғаларды және өз өміріндегі қызықты сәттерді жапсыру арқылы бейнелей алады. Ұжымдық жұмыс барысында ынтымақтастық танытады. Жұмыс барысында қайшы, желім және өзге де құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз сақтайды. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен<br>орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.<br>Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.<br>Би шығармашылығы.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және<br>шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Вокалдық-есту қабілеті дамып, бірінші октаваның «ре» – екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады. Бала музыкалық шығармалардың көңіл-күйін, сипаты мен динамикалық ерекшеліктерін ажыратады. Музыканың мазмұны мен бейнесін байланыстырып, әлемдік және қазақ музыкасы туралы өз көзқарасын білдіре алады. Қазақтың ұлттық аспаптары (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, домбыра және т.б.) мен шулы аспаптарда ойнау тәсілдерін меңгереді. Қарапайым әуендерді жеке немесе топпен орындау барысында дербестік пен шығармашылық белсенділік танытады. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы
Топ: "Болашақ» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы.

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>Спорттық жаттығулар.<br>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, |

| | | |
|---|---|---|
| | | спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Спорттық ойындар.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Аяққа арналған арнайы жаттығуларды (аяқ ұшымен көтерілу, жартылай отырып-тұру) еркін орындайды, аяқ ұшымен ұсақ заттарды жылжыту арқылы табан бұлшықеттерін нығайтады. Дене жаттығуларын музыка әуенімен үйлесімді, ырғақты және әсем орындайды, түзу бағытта адымдап жүру және жұбымен шеңбер бойымен қозғалу дағдылары қалыптасады. Спорт түрлеріне қызығушылық танытып, спорт залы мен алаңында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Ұлттық қимылды ойындарды, жарыс және эстафеталық ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға бастамашылық етеді. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Сөздік қор |

| | | |
|---|---|---|
| | | Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады, артикуляциялық аппаратты еркін меңгеріп, сөйлеу қарқыны мен логикалық екпінді интонациялық тұрғыдан реттейді. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді орынды қолданады, сөздерді мағынасына қарай дәл таңдайды. Сөйлемдерді мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, оларды грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырып сөйлейді. Суреттер мен бақылаулар негізінде өз бетінше сюжет құрастырады, әңгіменің жалғасы мен соңын ойдан шығара алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;<br>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;<br>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Көркем бейнелерді сомдауда әндер мен билерді орынды қолданып, шығармашылық дербестік танытады. Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу арқылы сөз өнеріне бейімделеді, шешендік өнер мен айтыс өнерінің алғашқы элементтерін меңгереді. Өз тәжірибесі мен қалауына сүйене отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен талқылау үшін көрнекі материалдарды өз бетінше таңдай алады. Кейіпкердің образын ашуда эксперимент жасауға, оны өз қиялымен түрлендіріп бейнелеуге қабілетті болады. Сахналық қойылымдарға қатысу барысында рөлдер мен сюжетті таңдауда бастамашылық көрсетеді. |
| | **Сауат ашу негіздері** | - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;<br>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сауат ашудың алғышарттарын меңгере отырып, жазу процесін көзбен қадағалайды және қол моторикасының ырғақты қимылдарын орындайды. Бала жазу құралдарын (қалам, қарындаш) саусақтарымен дұрыс әрі еркін ұстайды. Қағаз бетіне артық күш түсірмей, жазу бағытын (жоғарыдан төмен, солдан оңға) сақтай отырып, сызықтарды үзбей жүргізе біледі. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда еркіндік танытады, сыпайылық пен өзара түсіністік дағдыларын көрсетеді. Өз ойы мен пікірін ашық, жүйелі түрде білдіруге дағдыланады. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Баланың сөздік қоры шағын өлеңдер, санамақтар мен жаңылтпаштар арқылы байиды. Жұмбақтарды шеше алады, шешендік өнер мен айтыс өнерінің алғашқы элементтерін меңгеріп, сөз өнеріне қызығушылық танытады. Тыныс алу және артикуляциялық аппараты дамып, қазақ тіліне тән төл дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ) таза дикциямен дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын дәл анықтайды. Құрдастарымен еркін диалог құрады, жеке тәжірибесі мен сюжеттік суреттер негізінде 5-6 сөйлемнен тұратын сипаттау әңгімелерін құрастырады. Зат, сын, сан есімдерді дәл қолдана отырып, оқиғаның басталуы мен соңын қисынды ойлап табады.Сөздерді жіктеу, тәуелдеу және септеу ережелерін сөйлеу барысында дұрыс қолданады. Сөйлемдерді интонациясына қарай (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, өз ойын күрделі жайылма сөйлемдермен жүйелі жеткізеді. |
| | **Математика** | Жиын. |

| | | |
|---|---|---|
| | **негіздері** | Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>Сан және санау.<br>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Шама.<br>Геометриялық фигуралар.<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Уақытты бағдарлау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш |

| | | |
|---|---|---|
| | | сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Геометриялық фигураларды бір-біріне түрлендіру жолдарын біледі. Қағаз парағын тең бөліктерге бөлуді, 8-10 бөліктен тұратын күрделі құрастырмалы пішіндерді жинауды меңгереді. Бала заттарды түсі, пішіні, дыбысы мен қолданылуы бойынша топтастырып, жиын құра алады. Жиынды бөліктерге бөлуді және қайта біріктіруді меңгереді; бүтін мен бөліктің арақатынасын (бүтін бөліктен үлкен) түсініп, оларды өзара салыстырады. Заттар тобының санын дәл анықтап, сандық мәндерді жалпылай біледі. Заттардың саны оның орналасуына, көлеміне немесе санау бағытына байланысты емес екенін саналы түрде ұғынады. Математикалық тапсырмаларды орындау кезінде зейін қою, шыдамдылық, ұқыптылық танытады және өз іс-әрекетіне сенімділік көрсетеді. Заттардың бір-біріне қатысты орнын сөйлеу барысында дәл сипаттайды. Берілген белгі (сызба, нұсқау) бойынша бағытын өзгертіп қозғала алады және қағаз бетіндегі кеңістікті (оң, сол, жоғары, төмен) еркін бағдарлайды. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;<br>- дербестікке тәрбиелеу;<br>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;<br>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;<br>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;<br>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бала, оның отбасы, үйі.<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Туыстық қатынастардың құрылымын (өз жұрты, нағашы жұрты) ажыратады, өз жеті атасын біледі. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сыпайылық (алғыс айту) танытады және үй шаруасына көмектесу арқылы жауапкершілік сезімін білдіреді. Табиғаттың тірі нысандарына жанашырлықпен қарап, танымдық қызығушылық танытады. Табиғат аясында өзін қауіпсіз ұстау ережелерін біледі және қоршаған ортаға тигізетін іс-әрекеттерінің қарапайым салдарын (мысалы, гүлді жұлудың немесе қоқыс тастаудың зияны) түсінеді. Күнделікті өмірде және оқу іс-әрекетінде өз бетінше шешім қабылдауға, тапсырмаларды тәрбиешінің көмегінсіз бастап, аяқтауға ұмтылады. |
| | **Құрастыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.<br>Берілген мақсаттар мен мазмұн негізінде балаларға арналған **күтілетін нәтижелерді** төмендегідей жүйелеуге болады:<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өнер түрлері мен олардың ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктері қалыптасады, ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен патриоттық сезімнің алғашқы нышандарын сезінеді. Табиғи және қалдық материалдардан түрлі бұйымдарды шығармашылықпен құрастырады. Құрастыру барысында және ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Ойынға қажетті құрылыс нысандарын өз бетінше немесе үлгі бойынша тұрғызады. |
| | **Сурет салу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өнер шығармаларындағы (сурет, ертегі, ән) көңіл-күйді сезінеді және оны эмоционалды түрде қабылдайды. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетіне тән негізгі белгілерді (ұлттық киім, киіз үй, еңбек құралдары) ажыратады. Сурет салу құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі. Ұжымдық жұмыс барысында құрдастарымен ортақ шешімге келу, бір-біріне көмектесу дағдыларын. Өз бетінше тақырып таңдап, қиялындағы бейнелерді шығармашылықпен жеткізуді. Ұлттық нақыштағы элементтерді сурет салуда қолдана отырып, өз еліне деген мақтаныш сезімін білдіреді. |
| | **Мүсіндеу** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**<br>өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын көрсетеді, өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, өз жұмысы мен құрдастарының жұмыстарын бағалайды, ұжыммен бірлесіп әрекет етеді, өз бетінше мүсін жасап, ұжымдық жұмыстарға қатысады, мүсіндеген заттарымен ойын ұйымдастырады, жұмысты ұқыпты орындап, құрал-жабдықтарды ретімен жинайды. |
| | **Жапсыру** | - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;<br>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;<br>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;<br>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;<br>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>өнер түрлері туралы түсінік қалыптастырады, өз жұмысы мен құрдастарының еңбегін бағалайды, өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, шығармашылық қабілеті мен эстетикалық талғамын дамытады, ұжыммен бірлесіп жұмыс істейді, ұлттық мәдениетке қызығушылық танытып, патриоттық сезім білдіреді, қауіпсіздік ережелерін сақтайды, қайшы мен желімді дұрыс қолданады, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күймен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің темброрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен таныстыру.<br>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>Ән айту.<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>Би шығармашылығы.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және<br>шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>әуендерді есте сақтап, музыкалық фрагменттер арқылы ажыратады, домбыра мен қобыз үнін таниды, қазақ халық әндері мен би әуендеріне қызығушылық танытады, музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән айтады, музыкалық шығармалардың сипатын, көңіл-күйі мен жанрларын ажыратады, музыкаға өз көзқарасын білдіріп, мазмұнын әңгімелейді, әлемдік және қазақ музыка өнері үлгілерімен танысады, ән, күй, марш, би жанрларын таниды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар орындайды, балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді жеке және топпен орындайды, музыкалық және шулы аспаптарда ойнаудың қарапайым тәсілдерін меңгереді, шығармашылық, белсенділік және дербестік танытады. |